

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының

ХАТТАМА № 1

28.08.2024

Қатысқандар: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: ----

Күн тәртібінде:

- 1.2023-2024оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі.
- 2.Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау,бекіту.
- 3.Ұйымдастырушылық мәселелері

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сергазы Ж сөйледі.

2023-2024 оқу жылында құқықбұзушылық фактілері тіркелмеді. Отырыс нәтижесінде бекітілген жоспарлар бойынша жұмыстар атқарылды. Апталықтар өтіліп, сынып сағаттары мен дәріс сабақтары өтілді. Құқықтану пәнінің мұғалімі 8-11 сыныптар арасында құқықтық жауапкершілік заңдарымен таныстырды. Меткеп оқушыларымен Ерейментау полиция капитаны Омаров Сабыр Дулатовичпен, Ерейментау полиция бөлімінің ювиналдық полиция тобының участілік полиция инспекорі Керейбаев Медет Байтеновичпен онлайн жиналыстар өтіліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өздерінің ойында жүрген сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптарын алды. Сонымен қатар ауылдық учаскелік полициясы Амангелдинов Н оқушылармен кездесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу ережелерімен таныстырды. Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында тест, сауалнама «Адам құқықтары мен бостандықтары», «Ғасыр індеті» сот сабақтарымен қатар, «Бала құқығы» заңды талдау жүргізілілді.

2024-2025 оқу жылында кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Оқушылардың Құқық тәрбиесіне қатаң көңіл бөлу керектігіне тоқталды. Сонымен қатар оқушылардың мектептің ішкі тәртібіне де қатаң түрде қадағалай керектігі айтылды. Осыған сәйкес оқушылармен қылмысқа қарсы күрес, құқық қорғау, зиянды заттар, маскүнемдік және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, кештердің көбірек болуына көңіл аудару керектігін айтты. Оқу жылының басында оқушыларымен саптық түзетулерде ережелерді пысықтау. Сондықтан сынып жетекшілеріне тақырыптық сынып сағаттарын көбірек өткізу ұсынылды.

Биылғы оқу жылындағы кеңестің мүшелері.

Төрағасы: Назарбекова Сауле Ануарбековна- мектеп директоры

Мүшелері:

Кеңес мүшелері:

Смаилова Саягүл Канатовна – оқу ісінің орынбасары

Сергазы Жадыра- тәрбие ісінің орынбасары

Смагулова А.-ата-аналар комитетінің төрайымы

Амангельдинов Н-полиция қызметкері

Есентаева С.Т- «Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің әкімінің аппараты» ММ-нің маманы

Альмагамбетова Г.А-мектеп медбикесі

Сөйлегендер

Кеңестің төрағасы Назарбекова С.А. сөз алып Қылмысқа қарсы күрес жөнінде кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.



Тәртібінде ауытқуы бар қиын оқушылардың жанұясын зерттеу мектеп психологы мен класс жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келеңсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

Қаулы етілді:

1. Өткен оқу жылындағы кеңес жұмысы жақсы, құқық бұзушылық орын алмады деп танылсын.

2. Құқық кеңесінің жоспары бекітілсін.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі жұмыстар өткізіліп, оқушыларды сыныптан тыс шараларға тарту қолға алынсын.

Мектеп директоры:  Назарбекова С.А.
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Сергазы Ж